

**«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»
КММ**

**2023-2024 оқу жылында жүргізілген
«БЕС ТЕРЕК» жобасы**

Педагог-психологтар: И.М. Жұмабекова, Н.О.Нұрмахамбетова

Түркістан 2023-2024ж

Бұл жоба «Бес терек» ғылыми практикалық жұмысының аясында білім беру ұйымдарының педагог-психологтарына бағытталған.

Жоба концепциясы бойынша, жастар мен жасөспірімдер арасындағы деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу үшін білім беру ұйымдарына қарасты бес маман бірлесіп, белгілі бір алгоритммен жұмыс жасауы қажет.

Олар, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог, педагог-психолог және мектеп инспекторы.

Осы мамандардың бірлескен жұмыстары нәтижесінде кез келген оқушы өзінің қауіпсіздікте және психологиялық әлеуметтік тұрғыдан қанағаттанарлықтай сезініп деструктивті және аутодеструктивті әрекетке бару ықтималы төмендейді.

Жобаның мақсаты: жастар мен жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу.

Жобаның міндеттері:

- Бес терек мүшелерінің өзара байланысын нығайтып, бірлескен жұмыс регламенті мен жоспарын анықтау;
- Бес терек мүшелеріне оқыту курстарын ұйымдастырып жастар мен жасөспірімдер арасында жұмыс жасаудың заманауи әдіс-тәсілдерді үйрету;
- Жобаның тиімділігін арттыруға байланысты талдау жасап, ұсыныстар қалыптастыру.

«БЕС ТЕРЕК» жобасы екі кезеңде жүзеге асырылады:

БІРІНШІ КЕЗЕҢ: Білім беру ұйымдарының педагог-психологтарына арналған «Аутодеструктивті мінез-құлықты оқушылардың тәуекел топтарын анықтау» алгоритмі мен заманауи әдістер-тәсілдерді үйрету курстарын ұйымдастыру.

«БЕС ТЕРЕК» ЖОБАСЫНЫҢ БІРІНШІ КЕЗЕҢІ.

Аутодеструктивті мінез-құлықты оқушылардың тәуекел топтарын анықтау

1. КАБИНЕТТІК ТАЛДАУ

- 1.1. Әлеуметтік педагогтың мәліметтері.**
- 1.2. Мектеп инспекторының тіркеудегі отбасылар тізімі.**
- 1.3. Мектеп инспекторының тіркеудегі оқушылар тізімі.**
- 1.4. Медбике толтыратын тізім (Д-есебі).**
- 1.5. Сынып жетекшінің әлеуметтік желілердегі талдауы.**

1.6. Суицид, құқықбұзушылық, ерте жүктілік орын алған отбасылардағы оқушылар тізімі

Бұл тізім жоғарыда аталған мамандардың көмегімен жинақталады: мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы, сынып жетекшісі ұсынған тізімдер бойынша кабинеттік талдау жүргізіліп, анықталған оқушылар тәуекел тобының жасыл деңгейіне тіркеледі.

Бұл тізім жоғарыда аталған мамандардың көмегімен жинақталады: мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы, сынып жетекшісі ұсынған тізімдер бойынша кабинеттік талдау жүргізіліп, анықталған оқушылар тәуекел тобының жасыл деңгейіне тіркеледі.

Мектеп инспекторы, мейіргер, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілерден кабинеттік талдау бойынша мәліметтер жинақталды.

5-11 сыныптар арасында аутодеструктивті мінез-құлықты оқушылардың тәуекел топтарын анықтау мақсатында 5-11 сынып оқушыларынан «БЕСТЕРЕК» жобасы бойынша Эссе талдауы, Сауалнама. «Үй, адам, ағаш» проективті (ДДЧ). әдістемелері алынды. Барлық оқушы қатысты. Қорытындысы қалыпты.

Барлығы 892 оқушы қатысты. Қорытындысы қалыпты 701 оқушы 60%, қобалжу 46 оқушы 16%, эгоцентризм 52 оқушы 10%, сезімтал 30 оқушы 10%, тұйық 28 оқушы 4%.

ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

- 2.1. Эссе талдауы.
- 2.2. Сауалнама.
- 2.3. «Үй, адам, ағаш» проективті әдісі (ДДЧ).
- 2.4. Люшердің түрлі түстер тесті.
- 2.5. Отбасы суреті.
- 2.6. «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесі.
- 2.7. «Мен кімін?» әдістемесі.
- 2.8. «Суицид қауіпінің картасы».
(Л.Б. Шнейдердің жасөспірімдерге арналған модификациясы)
- 2.9. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы болжамдық
тәуекел кестесі (А.Н. Волкова).
- 2.10. Психодиагностика: бақылау, әңгімелесу, диагностикалық интервью.
- 2.11. Әдістердің нәтижесін тіркеу нұсқасы.

«Далалық зерттеу»:білім беру ұйымдарының педагог-психологтары анықтаған тәуекел тобындағы оқушылардың «Қызыл», «Сары», «Жасыл» қауіп деңгейлері анықталып, психокоррекциялық, психопрофилактикалық және психологиялық ағарту жұмыстары жүргізілді.

Сынып жетекшілер мен мұғалімдерге ұсыныстар:

- ▶
- ▶ Сынып жетекшілерінен әрбір оқушымен жеке жұмыс жүргізуді күшейтуді талап ету.
- ▶ Сынып жетекшілер мен психологтар отбасы мен мектептің өзара қарым-қатынасын жақсарту мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру.
- ▶ Оқушылардың сенімін күшейтіп, қолдау көрсету.
- ▶ Оқушының маужырыңқы күйден арылуға, тез жинақталуына, өзіне деген сенімділігін арттыруына көмек беру